ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 27 шілде №2301-23-00-2/1109 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы Ш.Т.Мұхтаудың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің «Жалпы білім беретін №2 Ж.Нәжімеденов атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Viktor» Виктор Иванович Гемус

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. 7 550 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор С.Дауешов
Талап қоюшының өкілі Г.Кушкалиева

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

ЖК «Viktor» мен тапсырыс беруші мекеме арасында жалпы соммасы 314 600 теңгеге 2023 жылғы 4 сәуірінде мемлекеттік сатып алу туралы №33 шарт жасақталды.

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға №1 шарттың қосымшасында көрсетілген «Еден жабынына арналған, металлдан жасалған табалдырық» тауарларын жеткізуге міндеттенген.

Орындау мерзімі – Шартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2023 жылғы 18 сәуір.

Күні бүгінге дейін шарт бойынша алынған міндеттемелер орындалмай, тауар жеткізілмеген.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, шарттың талаптары мүлдем орындалмағанын, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талапты қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер қатыспады. Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланған, алайда сотқа қатыспай және істі өзінің қатысуынсыз қарауды сұрамаған.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігі негізінде азаматтық іс жауапкердің қатысуынсыз қаралды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талабы бойынша.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Талап қоюшы сот отырысында жауапкер тарапынан шарттың міндеттемелері мүлдем орындалмай, тауар жеткізілмегенін, тапсырыс беруші үшін жағымсыз салдары болғанын, өйткені аталған тауар пайдалану үшін қолданылатын қажетті тауар болғанын айтып өтті.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

№2 талабы бойынша.

АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Құжатқа қол қойылған: Дәуешова О. Ш., 03.08.2023

Шарттың 7.3. тармағына сәйкес тапсырыс беруші өнім берушіден өз міндеттемелерін толық немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған жағдайда 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алады.

Осы нормаға сүйеніп, талап қоюшы сотқа табысталған есепке сай жауапкерден орындалмаған 24 күнге есептелген 7 550 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Сот талап қоюшының есебін тексеріп, оның дұрыс жасалғандығын айқындады.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерден 7 550 теңге тұрақсыздық айыбы сомасын өндіру туралы талаптың бөлігі қанағаттандыруға жатады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 951 (1 725+226) теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің «Жалпы білім беретін №2 Ж.Нәжімеденов атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Viktor» Виктор Иванович Гемусті мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және 7 551 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Viktor» Виктор Иванович Гемус мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Viktor» Виктор Иванович Гемустен мемлекет кірісіне 7 550 (жеті мың бес жүз елу) теңге тұрақсыздық айыбы, 1 951 (бір мың тоғыз жүз елу бір) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова

Көшірмесі дұрыс

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 03.08.2023

Судья О.Ш.Даурешова

Анықтама: Шешім заңды күшіне 2023 жылғы 05 қыркүйекте енді.

Судья О.Ш.Даурешова

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 03.08.2023

2301-23-3-1/1266